

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Неліктен Батыс Рим империясы құлады?

ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/74233/>

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:

Рим империясының құлауы Мектеп: Мұнайлы ауданы 11 орта мектеп

Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Жаппар Гүлдарига Абдухалиқызы

Сынып: 6

Қатысқандар саны:20 Қатыспағандар саны:

Сабақ тақырыбы Неліктен Батыс Рим империясы құлады?

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 6.3.1.1. – «ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу;

6.3.2.1. – Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу;

Сабақ мақсаттары Орта ғасырлар кезеңдерінің ерекшеліктерін сипаттай отырып Батыс Рим империясының ыдырау себептерін түсіндіру.

Бағалау критерийі

— Тарихи оқиғаларды хронологиялық шегін бойынша уақыт сызығына анықтайды;

— Батыс Рим империясының ыдырау себебін жіктейді;

Ойлау дағдыларының деңгейлері Білу, түсіну, қолдану

Тілдік мақсаттар

Оқытудың тілдік мақсаттары:

Оқушылар бейнематериал көру арқылы тыңдалым, айтылым дағдысы қалыптасады.

Жұптық жұмыс барысында жазылым дағдысы қалыптасады.

Пәнге қатысты лексика мен терминология :

«Орта ғасыр»

«Империя»

«Ұлы қоныс аударуы»

«Варварлар»

Диалогтар мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:

Менің ойымша, себебі.....Батыс Рим құлады

## Құндылықтарды баулу

Мәңгілік ел жалпы ұлттық идеясы 6-шы құндылығы:

Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы

-Өткен тарихына құрметпен қарап еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

-Оқушылардың бойына жауапкершілік, ынтымақтастық орта құру, ашықтық, сыйластық, патриоттық қасиеттерді қалыптастыру.

Пәнаралық байланыстар Қазақстан тарихы

Алдыңғы білім Ежелгі Рим туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет

Ресурстар

Сабақтың басы

7 мин I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу;

Сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру;

«Мазайка» әдісімен 3 топқа бөлу;

II. Ой қозғау (ұжымдық жұмыс)

«Сөздер тізбегі» әдісімен өткенді еске түсіру. Әр сұрақтың дұрыс жауабының бас әрпін кезекпен орналастырғанда бүгінгі сабақ тақырыбы шығу керек.

И М П Е Р И Я

1. Рим қай аймақта орналасқан? (Италия)

2. Римдегі соғыс құдайы. (Марс)

3. Рим құдайларына арналған храм. (Пантеон)

4. Римдегі қауым мүлкін бақылаушы. (Епископ)

5. Б.з.д. 509-27 ж. Рим кезеңі. (Республикалық)

6. Христиан дінін негіздеуші басты тұлға. (Иисус)

7. Алғашқы адам қаңқасы табылған арал. (Ява)

Демек, бүгінгі сабақтың тақырыбы «Неліктен Батыс Рим империясы құлады?»

Қима қағаздар

10 мин

5мин

10мин

Жаңа сабаққа байланысты бейнематериал көрсету.

«Рим империясының құлауы»

Бекіту сұрақтары:

1. Не көрдіңдер?

2. Не білдіңдер?
3. Қандай оқиға?
4. Себебі қандай?

Қ/Б: «Мадақтау» әдісі

I тапсырма: Топтық жұмыс

«Жәшіктегі сұрақтар» әдісі арқылы әр топ жәшік ішіндегі тапсырмаларды (Батыс Рим империясының ыдырауын саяси, әскери, әлеуметтік-экономикалық себептеріне байланысты) орындайды.

1 топ: Батыс Рим империясының ыдырауын саяси себептерін анықтаңыз:

Дискриптор:

1. Батыс Рим империясының ыдырауының 3 саяси себептерін анықтайды;

2 топ: Батыс Рим империясының ыдырауын әскери себептерін анықтаңыз:

Дискриптор

1. Батыс Рим империясының ыдырауының 3 әскери себептерін анықтайды;

3 топ: Батыс Рим империясының ыдырауын әлеуметтік-экономикалық себептерін анықтаңыз:

Дискриптор

1. Батыс Рим империясының ыдырауының 3 әлеуметтік-экономикалық себептерін анықтайды;

Қ.Б. «Жапондық» бағалау әдісі. Екі топ бір-бірін бағалайды. Осы әдіс бойынша бірінші топ екінші топқа қосатын жерлері болса айтады немесе сұрақтарын қояды.

II- тапсырма: Жұптық жұмыс

«Тізбекті сөйлет» әдісімен уақыт сызығына ерте, орта, кейінгі орта ғасырлардың хронологиялық шегін анықтаңыз.

Дескриптор:

- ерте орта ғасырлардың хронологиялық шегін анықтайды;
- орта орта ғасырлардың хронологиялық шегін анықтайды;
- кейінгі орта ғасырлардың хронологиялық шегін анықтайды;

Қ/Б: «Бағдаршам» әдісі

Әр бір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратып беремін. Оқушылардан сабақты меңгергендеріне байланысты карточкаларды көтеруін сұраймын. Жасыл карточка көтерген оқушылар - барлығын түсінді. — Не түсіндіңіз?

Сары және қызыл карточка көтергендер: — Сіздерге не түсініксіз?

Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

III-тапсырма: Жеке жұмыс

«ПОПС» әдісі арқылы «Неліктен Батыс Рим империясы құлады?» деген сұрақ беру барысында сабақ соңына қорытынды жасаймын.

Дискриптор:

- Пікірін айтады;
- Себебін түсіндіреді;
- Мысал келтіреді;
- Қорытынды жасайды;

Қ/Б: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі

Падение Древнего Рима // [http://www.historylearningsite.co.uk/ancient-rome/the-fall-of-ancient-rome/;](http://www.historylearningsite.co.uk/ancient-rome/the-fall-of-ancient-rome/)

Постер, оқулық

Қима қағаздар, дәптер

Сабақтың соңы

3 мин «Тазалық ойыны»

Оқушылар алған ақпараттарын қаншалықты түрде түсінгенін анықтау үшін қатысушыларға стикер беріледі.

Үй тапсырмасы: «» эссе (50 сөз)

Стикер

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Мен осы тақырыпты құрастыру барысында оқу мақсаттына негіздей отырып, сабақ мақсатын жазғанда саралау жүргіздім. Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай беріліп отырды. Үй тапсырмасынан сұрақтар қою арқылы оқушыны ізденіске, шығармашылыққа баулиды.

Оқушылар өзара байланыс орнату үшін топтық, жұптық тапсырмалар, суретпен жұмыс және сұрақтар қою арқылы сараланып, мұғалім оқушы деңгейін анықтай алады. Оқушыларға жеке тапсырма беру барысында деңгейлері әр түрлі оқушыларға өз пікірін айтқызыдым. Оқушыларға сабақ барысында топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыстарды орындаттым. Бірінші тапсырма бойынша «Жапондық бағалау» әдісін пайдаландым, сұрақтар қою арқылы сабақ барысында белсенді оқушыларды анықтауыма көмектеседі. Екінші тапсырмада бағдаршам арқылы өзара бағалау әдісін жүргіздім. Себебі тақырып барысында түсінбей қалған тұстарын анықтап аламын. Мектепшілік техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Білім алушылардың денсаулықтарына керіағар әрекеттерді болдырмау.

## Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?

Жеткізбесе, неліктен?

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?

Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?

Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгінгі сабақ мақсаттары шынайы болды. Бұл сабақта білім алушылар Жоспарланған саралау шаралары тиімді болды. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды толық орындап үлгердім, сондықтан түзетулер енгізбедім.

## Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1: Бағалау

2: Топтық жұмыстар

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1: Тапсырманың нақтылығы

2: Уақыт

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.